



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

Астана, Қазақстан



Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің Ұлттық Банктің басқару органдарының құрылымындағы рөлі

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет өз қызметін «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы негізінде жүзеге асырады. Осы Заңға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша шешім қабылдайтын жаңа органды құру көзделетін 2021 жылғы 2 қаңтардағы түзетулер енгізілді.



Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет базалық мөлшерлеме, ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелері және Ұлттық Банк Басқармасының құзыретіне кірмейтін өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.



Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет Басқармамен және Директорлар кеңесімен қатар Ұлттық Банктің үшінші органы болып табылады.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрылуы инфляцияны таргеттейтін елдердің үздік практикасына сәйкес келеді. Орталық банктің қызметкерлері де, сол сияқты сыртқы мүшелер де кіретін осындай алқалы органдар жан-жақты талдау және пікірлер алуандығы негізінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабымен¹ Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің өкілеттіктері мен құрамы айқындалған. Мәселен, Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет:

- 1) базалық мөлшерлеме;
- 2) ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелері;
- 3) Ұлттық Банк Басқармасының құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің міндеттері

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің негізгі міндеті – инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізу мақсатында базалық мөлшерлеме мен оның дәлізі бойынша проактивті шешімдер қабылдау. Базалық мөлшерлеме деңгейін белгілеу құзыретіне жатқызылған жеке органды құру Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің ресурстарын Ұлттық Банктің басты мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағыттауға мүмкіндік береді.

Ақша-кредит саясатын әзірлеу және инфляция бойынша нысаналы бағдарларды белгілеу жөніндегі стратегиялық сипаттағы мәселелер жоғары орган – Ұлттық Банк Басқармасының құзыретінде қалады.

¹ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002155_



Сонымен бірге, Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің тұжырымдамасы оған мемлекеттік экономикалық саясатты әзірлейтін басқа мемлекеттік органдардың қазіргі өкілдері кірмейді деп болжайды.

Дегенмен, Ұлттық Банк макроэкономикалық саясат саласындағы үйлестірудің ортақ мақсаттарға жақсырақ қол жеткізуге мүмкіндік беретінін түсінеді. Соңдықтан инфляция бойынша нысаналы бағдар деңгейі туралы шешім Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары және Ұлттық экономика министрі кіретін Ұлттық Банк Басқармасының құзыретіне беріледі. Осылайша, инфляция бойынша белгіленетін нысаналы бағдар туралы шешім экономикалық саясатты әзірлеуге қатысатын мемлекеттік басқару органдары өкілдерінің қатысуымен келісілген түрде қабылданады. Мәселен, 2025 жылдан бастап 5% деңгейіндегі инфляция бойынша орта мерзімді мақсат Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясында² айқындалып, Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылғы 5 наурыздағы №26 қаулысымен бекітілген (29.06.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырумен).

“

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің негізгі міндеті – инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізу мақсатында базалық мөлшерлеме мен оның дәлізі бойынша проактивті шешімдер қабылдау.

”

Осылайша, ақша-кредит саясатының негізгі аспектілері – инфляция бойынша нысаналы бағдар белгілеу және базалық мөлшерлеменің деңгейі туралы шешім қабылдау – Ұлттық Банктің әртүрлі органдарының құзыретіне берілген, бұл ықтимал мүдделер қайшылығын болдырмай, қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрамы

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрамын Ұлттық Банктің Төрағасы бекітеді. Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет Ұлттық Банктің өкілдерінен – Ұлттық Банктің Төрағасынан және оның ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарларынан, сондай-ақ функцияларына ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелері кіретін Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан тұрады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрамына Ұлттық Банктің қызметшілері болып табылмайтын сыртқы мүшелерді енгізуге мүмкіндік беретін норма көзделеді.

“

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрамына тәуелсіз мүшелерді одан әрі қосу қабылданатын шешімдердің ашықтығын арттырады.

”

² <https://nationalbank.kz/kz/news/monetary-policy-strategy/rubrics/2010>



Сыртқы мүшелер Ұлттық Банк Басқармасы бекітетін өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс.

Өлшемшарттар Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрамына макроэкономикалық саясат саласында жеткілікті құзыреті мен тәжірибесі бар, бірақ Комитет қабылдайтын шешімдер бойынша мүдделер қайшылығы жоқ сыртқы мүшелерді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сараптама деңгейін арттыру және шешім қабылдау барысында пікірлер ауқымын кеңейту арқылы барынша тиімділікке қол жеткізуге септігін тигізеді.

Сонымен қатар Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің құрамына тәуелсіз мүшелерді одан әрі енгізу қабылданатын шешімдердің ашықтығын арттырады, бұл нарық пен халықтың Ұлттық Банктің шараларына сенімін нығайтуға септігін тигізетін болады.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің отырыстары

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеттің шешім қабылдау процесі мен тәртібі оның регламентінде айқындалады.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет базалық мөлшерлеме бойынша шешімді алдын ала белгіленген кестеге сәйкес ағымдағы макроэкономикалық ахуалды және экономиканы одан әрі дамыту перспективаларын талдау негізінде жылына 8 рет қабылдайды³.

Болжамды раундтардың нәтижесі ескеріле отырып жылына 4 рет шешім қабылданады, оның барысында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің, бірінші кезекте инфляцияның, орта мерзімді кезеңге – алдағы 7 тоқсанға болжамы жасалады.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет шешімдерінің коммуникациясы

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет қабылдайтын шешімдердің негізгі факторлары базалық мөлшерлемені белгілеу туралы баспасөз релизінде⁴ және болжамды раунд қорытындысы бойынша жарияланатын Ақша-кредит саясаты туралы баяндамада⁵ тұрақты түрде түсіндіріледі.

Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет қабылдайтын шешімдер БАҚ-та, сондай-ақ Ұлттық Банктің ресми сайтында Ұлттық Банк басшылығының сұхбаттарында және Ақша-кредит саясаты департаменті басшылығының тұрақты түсіндірмелерінде жарияланып отырады.

³ <https://nationalbank.kz/kz/news/grafik-prinyatiya-resheniy-po-bazovoy-stavke/rubrics/1843>

⁴ <https://www.nationalbank.kz/kz/news/press-relizy/rubrics/1845>

⁵ <https://nationalbank.kz/ru/page/obzor-inflyacii-dkp>